

2018-2019 оқу жылына арналған Мевлана алмасу бағдарламасы

Мугла Сыткы Кочман Университеті,

Түркия

2018-2019 оқу жылына арналған Мевлана алмасу бағдарламасы

Құрметті Абай атындағы ҚазҰПУ-дың студенттері мен оқытушылары!
ҚазҰПУ-дың серіктес университеті - Мугла Сыткы Кочман университеті, Түркия

«Мевлана» алмасу бағдарламасына қатысуға тілек білдірушілерді келесі бағыттар бойынша шақырады: Қазақ тілі мен әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі (Түрік тілі), Педагогика және бастауыш білім беру әдістері (Бакалавриат және Магистратура), Химия (Бакалавриат), Математика (Бакалавриат).

Мевлана алмасу бағдарламасына бакалавриат, магистратура және докторантураның студенттері қатыса алады.

Студенттердің қатысу шарттары:

- Бірінші курс студенттері - бакалавриаттары, магистранттары және докторанттары осы бағдарламаға бірінші семестрде **қатыса алмайды**. Сонымен қатар, бакалавриаттағы үшінші курс студенттері Мевлана бағдарламасына **қатыса алмайды**.
- Бакалавриаттың студенттері (GPA 2,5/4,0-ден төмен емес немесе 100%-дан 65%), магистранттар мен докторанттар (GPA 3.0/4,0-ден төмен емес немесе 100% -дан 76,66%)
- Түрік тілінен тест тапсыру туралы куәлік
- Ағылшын тілін білу артықшылық болып есептеледі
- Бағалау барысында 50% GPA және 50% тіл туралы білімді ескереді
- Оқу мерзімі: 4 ай

Осы бағдарламаға қатысу үшін қажет:

1. *Candidate Student Application Form* толтыру
2. Транскрипт ұсыну
3. Куәліктің болуы

Мугла Сыткы Кочман университетінде оқитын студенттерге арналған стипендия 1200 айлық лирді құрайды, ол 4 айға есептеледі. Стипендияның 80% әр ай сайын

беріледі; стипендияның қалған бөлігі оқудың соңында нәтижелеріне байланысты беріледі.

Студенттер әуе жолына және визаға арналған шығындарды өздері төлейді.

Барлық құжаттар электронды форматта (PDF) келесі электронды адреске a.atshabarova@edu.kaznpu.kz 2019 жылдың 21 ақпанына дейін жіберілуі керек. Құжаттарды электронды хатпен жіберген кезде тақырыпқа міндетті түрде студенттің аты-жөні, мамандығы және оқу курсы көрсетілуі тиіс.

ПОҚ қатысу шарттары:

Мұғалімдер үшін «Мевлана» бағдарламасыда түрік тарапынан ақысы төленетін кем дегенде аптасына 6 сағатқа дәріс қарастырылады. Егер мұғалімдер сағаттардың қажетті санын жинамаса, онда бұл жағдайда олар семинарлар өткізеді, топта жұмыс істейді, сондай-ақ конференцияларға қатысады.

- ПОҚ ұтқырлығының мерзімі 2 аптадан 3 айға дейін болады.

Осы бағдарламаға қатысу үшін мұғалімдер келесі құжаттарды тапсырады:

- *Academic Staff Information Form* толтыру
- Түйіндеме
- Басылымдар, презентациялар, жобалар
- Қабылдаушы ЖОО-дағы жұмыс жоспары
- Ағылшын немесе түрік тілін жақсы меңгеру (университеттің талабы бойынша сертификат);

Ұшу, визалық шығындар және сақтандыру студенттер мен оқытушылардың өз есебінен төленеді *

Қосымша ақпаратты *Mevlana Exchange Programme Application Details* алуға болады.

Барлық құжаттар электронды форматта (PDF) келесі электронды адреске a.atshabarova@edu.kaznpu.kz 2019 жылдың 24 ақпанына дейін жіберілуі керек. Құжаттарды электронды хатпен жіберген кезде тақырыпқа міндетті түрде қатысушының аты-жөні, мамандығы институтың атауы және кафедрасы көрсетілуі тиіс.

«Мевлана» бағдарламасына қатысу үшін Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімі, №1 оқу ғимараты, 205 кабинет, 8 727 291 36 92 телефоны арқылы байланысу керек.